

Өрттің пайда болу себептері



Өткізген: А.Т. Шалабаева

Өрттің пайда болу себептері

Мақсаты : Оқушыларға өрт қауіпсіздігі ережелерін меңгерте отырып, өрт неден пайда болатыны туралы мағлұмат беру. Оқушыларды отпен ойнамауға, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, жалпы үнемі сақ болуға, тәртіптілікке талғаштылыққа тәрбиелеу.

Оқушылардың ой- өрісін, ойлау қабілетін, тілін дамыту.

Түрі: сайыс

Әдісі: баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап

Көрнекілігі: өрт қауіпсіздігіне байланысты суреттер

Пән аралық байланыс: әдебиеттік оқу, дүниетану, қазақ тілі еңбекке баулу

Барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- **Оқушылармен амандасу**
- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- **Психологиялық дайындық**

Кіріспе:

-Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер оны шешіп көріңдер. .

Жұмбақ

Тістейді, тісі жоқ,

Ашуланады, жаны жоқ,

Жалайды, тілі жоқ. От

-От туралы не білеміз? Оның қандай пайдасы бар?

От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От-өмір сәні.Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Біздің ата-бабаларымыз шөбі көп жерді отты жер деп бекер айтпаған.

Отты жер- қуатты жер. Мал біткенге күш-қуат беретін жер. Үйді қазақ халқы отпен теңестіріп отырған.

Тұратын үйін отау, үй иесін –отағасы деп атаған.

Отсыз тоңып, жаураған адам ешқандай еңбек те істей алмайды.

Сонымен от-өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі -өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз.

- Дұрыс-ақ ендеше ол неден пайда болады?
- Біздің бүгінгі тақырыбымыз «**Өрттің пайда болу себептері**»

Тақтада ілінген суреттер арқылы өрттің пайда болу себептеріне кінәлі заттарды көрсете отырып, түсінік беру.

1. Шырпы
2. Май шам
3. Газ плитасы
4. Тұтатқыш

- Балалар, өрт деген ол өте қауіпті, ол туралы бізге 2- класс оқушылары айтып береді.

Тұрмысқа қажетті заттарды пайдалану ,ережесімен таныстыру

Газ –плитасын пайдалану

Ас үйге сән беретін газ плитасы.Көгілдір от тұрмыс-тіршілігімізді көп орын атқарады.

Десек те, оны ұқыпты ұстап,жаға білуіміз керек.Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса Ата-анаңа айтып ескерт.

Өйткені ата-анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақыртады Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз –Электр .Электр-жарық көзі.

Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса,дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен ,оны да ұқыпты пайдаланбасақ,одан да өрт шығуы мүмкін

Электр приборларын уақтылы өшіру,электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау

Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу.

Өрттің алдын-алу,қауіпсіздікті сақта

-Өрт жаңадан басталғанда,сумен,құм сеуіп өшіреді.

-Адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм себуіміз керек.

Мұғалім:

Газ плитасы тұрған бөлмені жиі-жиі желдету керек . Егер газдың күлімсіген иесін сезсең сіріңке жағуға , электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды.

Тек үйдің есік-терезелерін ашып, желдету керек.

Электр сымдары тоқ өткізгіштің түбінен жанып жатса, оны құрғақ ағашпен суырып алу қажет.

-Осы аталған ескерту мен тақпақтарға байланысты слайдты қарап, басқа да мақал, ережелерді көре отырып есте сақтап алайық

Слайд 1.Өрт –тілсіз жау.

Слайд 2 Отпен ойнама ,күйерсің

Слайд 3 От жақпа пісерсің

Ор қазба түсерсің

Слайд 4Шырпым мен тұтатқышпен үй ішінде ойнауға болмайды, себебі егер кілем, жапқыш немесе басқа заттар тұтанып кетсе өрт осыдан пайда болады

Слайд 5Үйден немесе бөлмеден шығар кезде міндетті түрде электр заттарды сөндірің

Слайд 6Киімдеріңді плита үстінде кептіруге болмайды

Слайд 7Саяхатқа шыққан кезде далада пайдаланған отынды су арқылы өшірің


Слайд 8 Өртті байқаған кезде міндетті түрде 101 нөміріне хабарласып, мекен-жайымызды айтуымыз керек. Сол кезде қызыл машинаға өрт сөндірушілер келіп өртті сөндіреді.

Дұрыс-ақ осы барлық айтылған ережені үнемі жадымызда ұстасақ, бізге еш қандай өрт қауіпі төнбейді.

- Осы өртке мінездеме беріп көрейік

(оқушылар өз ойын айтады)

Оны топтастыру арқылы анықтап көрейік



Сайыс барысы:

- **Әділ қаза алқасын тағайындау**

- **Жоспармен таныстыру:**
 1. Өрт қауіпсіздігі туралы не білеміз?
 2. Сурет бойынша әңгіме құрау
 3. Көрініс
 4. Жапсырмалау
 5. «Сөзден сөз құра»
 6. Жағдаяттар:
 - Егер сенің досың шырпы жағып отырғанын көрсең не істер едің?
 - Егер көршіңнің қорасынан өрт шығып жатқанын көрсең не істер едің?
 - Егер өзің байқаусыздан өрт жандырып алсаң не істер едің?

Жоспар бойынша сайысты жүргізу, әр бөлімнен кейін 1-ші класс оқушылары өз өнерлерін көрсетеді

2-ші кластың жоспардың бірінші бөліміне байланысты айтылатын тақпақтары:

От жақпа күйерсің
Өртеніп жүрерсің
Сіріңкені ұстасаң
Бәлеге сен түсерсің

Оттың ісі қуырмақ
Желдің ісі суырмақ
Қазір жанған жалынды
Алып ұшып қуалмақ

- **Қорыту:**

- Балалар, бүгін біз не туралы айттық?

- Өрттің пайда болу себептері неде?

- Өрт пайда болмауы үшін қандай ережелерді үнемі жадымызда ұстауымыз керек?

(Өділқазы алқасына сөз беріледі)

Сақтықта қорлық жоқ (Өрт қауіпсіздігі туралы)

Балалар біздің бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Сақтықта қорлық жоқ». «От» деген сөзді қалай түсінесіздер? От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды. Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да жоқ емес. Қандай зияны бар? «Өрт – тілсіз жау» атты бөлімімізде өрттің шығу себептері туралы айтамыз. Бұл тарауда сіріңке, темекі, үтік, газ суреттеріне не айта аласыңдар? (Өрттің шығу себептері).

Статистикалық мәліметтер келтіру.

1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса;
2. Шырпымен ойнаса;
3. Үтікті қосып кетіп қалса;
4. Газды ашық қалдырып кетсе;
5. От шашуларды дұрыс пайдалану

Көрнекіліктер: -Балалардың өрт туралы суреттері.

-Өрт сөндіру құралдарын салу.

-Суретті плакаттар.

-«Өртке қатысты» жадынамалар.

-Лозунгтер.

«Уақытты текке өткізбе, Тез хабар бер «101»-ге»



От: досың әрі жауың. Оттың адам өмірінде алатын орны өте ерекше. Егер, отты тым асыра дұрыс пайдалана алмасақ, біз үшін орын толмас зор қайғы-қасірет әкелері хақ. Сондықтан да осы отырған әрқайыссымыз отты пайдаланғанда аса сақ болуымыз керек. Тұрмыста отты үнемділікпен, жауапкершілікпен мұқият ережелерді сақтай отырып пайдалану керек.

Балалардың отпен ойнауы-өрт шығуының кең таралған себептерінің бірі болып табылады. Жалғыз қалған балалар көбіне сіріңкемен ойнап, оның арты қайғылы жағдайға әкеледі. «Өрт -тілсіз жау» деп бекер айтылмаған.

«101»-ге ХАБАРЛАСУДЫ ҰМЫТПАҢДАР!

Енді өрт қауіпсіздігіне арналған турнирімізді бастаймыз

1. Викториналық сұрақтар қойылады

1. Неге өрт сөндіру қызметінің номері 01 деп ойлайсыңдар?

есте қалуы үшін

2. Өрт оттан басқа несімен қауіпті?

түтінді адам ішке жұтса есінен танып қалуы мүмкін

3. Жаңа басталып келе жатқан өртті немен өшіруге болады.

одеяло құм су өрт сөндіру құралы

4. Өрт сөндіру қызметіне хабарласқанда қандай мағұлматтарды айту керек аты жөнің, мекен - жайың, не жанып жатқандығын,

5. Өрт кезінде лифтіні неге пайдалануға болмайды.

түтін лифті шахтасын жиналып қалуы мүмкін

6. Жасанды шырша жануы мүмкін бе(жанады одан улы зат бөліп түтіндейді)

7. Бенгаль от шашуын қалай қолдану керек?

(шыршадан, жиһаздардан аулақ жерде, өзіңнен де ауаша ұстау керек)

8. Қандай өртті сумен өшіруге болмайды (электр құрылғылары жанғанда)

9. Орман өрті несімен қауіпті

(орман жойылады ондағы жануар зардап шегеді экологияға әсер етеді)

10. Неге құрғақ шөптермен жапырақтарды жағуға болмайды

(өрт тез тарайды тұрғын үйлерге ди тиіп кетуі мүмкін)

-Өрт сөндіру қызметін шақыру үшін неге «101» номері таңдалынып алынған?

(себебі, ол-қарапайым, әрі оңай. Есте сақтауға жеңіл. Екіншіден, ол қысқа, қараңғы жерде де теруге ыңғайлы.)

-Өрт сөндіру қызметін шақыру кезінде 101-телефоны арқылы қандай ақпараттар беру қажет.

(өрт болған нысанның орналасқан мекен-жайын, өрттің шығу орны мен өзінің фамилиясын дереу хабарлау қажет)

-Өрт сөндірудің алғашқы құралдарына нелер жатады?

(2 көпіршікті өртсөндіргіштер, 2 шелек, күрек пен балта, багор, лом. Қалқан жанында құм салынған жәшік болуы керек.)

-Өрт болып жатқан үйдегі немесе пәтердегі терезені сындыруға бола ма?

(Болмайды. Себебі, сынған терезе арқылы үйге ауа келеді де, ол өрттің иодан әрі күшеюіне әкеледі).

-Егер үйде газ ашық қалып, үйге таралған жағдайда электр жарығын қосу керек пе?

(электр қосқышты, разетканы пайдаланған кезде жалын шарпуы мүмкін, осының нәтижесінде газдың жарылысы болады).

-Өрт сөндірушінің қызмет киімі қандай қызмет атқарады?

(өрт сөндірушіні судан, жоғарғы температурадан, өрт сөндіру кезіндегі түрлі травмалық жарақаттардан қорғайды).

-Пешке от жағу кезінде қандай өрт сөндіру ережелерін сақтау қажет?

(отынды бензинмен, керосинмен жағуға болмайды. Пешке жанармай материалдарын салуға және балалардың отты тұтатуына болмайды..)

-Төгілген бензинді қалай сөндіруге болады?

(құм төгіп тастау қажет немесе қалың матамен жауып өшіру керек).



Кім тез киінеді?

Екі командадан бір - бір баладан шығып белгілі бір уақыт ішінде киініп дайын болуы керек.

Жағдаяттық сұрақтар

1. Сен жалғыз қалдың. Ата –анаң қонаққа кетті. Кенет электр тоғының пышырлап жана бастағанын байқадың. Не істер едің?

2. Үйге анаң от жағып, өзі далаға шығып кетті. Жанып жатқан пештің есігі ашылып кетіп, ішінен жанған от түсіп кетті. Сен не істер едің?



3. Екі досыңмен (үшеуің) демалыс күні бірігіп ойнап жүрсіндер. Қарындарың ашып, күлге картоп көміп жегілерің келді. Сөйтіп сіріңке әкеліп, аулаға от жаға бастадыңдар. Бір кезде жаққан оттарың желмен ұшып ауладағы үйілген шөпке тиіп, шөп жана бастады. Не істейсің?

4. Үйге көп қонақ келді. Қонақтар шай ішіп болған соң үлкен кісілер шылым шегуге сыртқа шықты. Сөйтті де бір кісінің шеккен шылымының сөнбей қалған тұқылынан жердегі қураған шөп жана бастады. Мұндай жағдайда не істейсің?

5. Сен сабаққа келгенде сыныптасың оттық ұстап жүргенін көрдің. Мұндай жағдайда не істер едің?

6. Қараңғы бөлмеге кіргенде газдың иісін сездің сенің іс әрекетің

Алау тобына:

-сендер түстен кейін сабаққа дайындалып отыр едіңдер, кенет асханадан өрт шықты. Өрттің жалыны күшті. Сен өз тобыңды 2қабаттан далаға қалай алып шығасың? (схема 2 және 1 қабатты көрсету)

Жалын тобына:

-демалыс уақытында демалып жатырсыңдар. Сен кенеттен 2қабатта компьютер кабинетінен бастап өрт тұтанып жатқанын естідің. Өз тобыңды 3 қабаттан далаға қалай алып шығасың? (схема 3,2,1 қабаттарды)

Алау тобына :-Ұйықтап жатыр едің, кенет бөлмеде үтіктен тұтанып жанып жатқан матаны немесе киімді көрдің. Сенің іс -әрекетің...

Жалын тобына:- Сенің көзің қарсы үйден өрттің басталып жатқанын байқап қалды. Сен нендей әрекетке көшесің , қандай мәлімет бересің?

4. *ОТ ПЕН СУ ТІЛСІЗ ЖАУ-СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ.*

Әр топтан 1-1 суретші шығып, сурет салады. Жұмыстарын таныстырып, қорғайды. Топтың басқа мүшелеріне жұмбақ қойылады.

Жалын тобына:

-Жаурағанды күлдірер,

Өз еркіне жіберсең,

Дүниені бүлдірер. (от)

-Бір үйде тұрады екен 50 батыр,Үй сыртына сүйкенсе-ақ, өліп жатыр. (сіріңке)

-Көрмедім ешкім үйінде,

Қолданбас бұл бұйымды

Жазып қыртыс-қыртысын

Қонымды етер киімді.(үтік)

-Жалт-жалт етер,

Жалмап кетер. (от)

-Қалпағы бар, Жиегі жоқ

Аузы бар, иегі жоқ. (шәйнек)

Алау тобына:

-Бар екен бір жалмауыз жалғанда артық

Жүреді, жүрген шақта өзі шалқып

Темір мен топырақ, тас суды жемес.

Басқаны жеп қояды қойсаң артып. (от)

-Кішкентай ғана мүсәтір,

Ол мүсәтір жоқ болса

Елдің бәрін мүсәпір. (сіріңке)

-Тұмсығы мықты,

Қыр мен ойды тегістеп шықты. (үтік)

-Желден желігеді,

Судан шегінеді. (от)

-Түймесін басқан,

Сәулесін шашқан. (электр шамы)

5. *«Ептілер» ойыны.*

-Ойын шарты: Ойынға қатысушы арқасында өрт сөндірудің алғашқы құралдары жапсырылады. Ойыншы артына қарамай тез табу керек.

Шарты: Ойынға қатысушының арқасына өрт сөндірудің алғашқы құралдары жапсырылады. Ойыншы артына жапсырылған құралды дәл таба білуі қажет.

(слайд арқылы сурет көрсетіледі)

6.«Алғашқы жәрдем» көрсету.

-сынған, қан кету, жарақат кездегі алғашқы жәрдемді айтып түсіндіру.

8.Ойын

Шарты: Әр командаға берілген скакалкамен допқа дейін секіріп, скакалканы доптың орнына қойып, допты аяқтың ортасына қыстырып, командаға қайта жүгіреді де, эстафетаны береді.

7. *От қауіні, сұрақтар қою*

Ақерке: Өрт оқиғалары негізінен тұрғын секторда туындап отыр. Яғни, өрт басқа орындарға қарағанда азаматтардың үйлерінде жиі орын алады. Оның себептері де әр түрлі. Оның ішінде басты 4 себепті айтуға болады: 1. Отты абайсыз қолдану; 2. Пештің ақаулығы; 3. Электр желілері мен құралдарын пайдалануда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау; 4. Балаларды қараусыз қалдыру болып табылады. Өрттерді сөндірудің негізгі құралдары:

Су — өртті сөндірудің негізгі құралы. Су электр өткізгіш, сондықтан оны тоқта тұрған жүйелер мен жабдықтарды сөндіруге пайдалануға болмайды. Электр сымдарға судың түсуінен қысқа тұйықталуы болуы мүмкін. Құм — өрттің шағын ошақтарын сөндіру құралдарының ең қапайымы болып табылады. Оның отты сөндірудегі әрекеті — ол жанғаш затты салқындатады. Өрт қауіпсіздігі ережесі

ҮЙДЕГІ ӨРТ

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Түтіннің исін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
3. Жанып жатқан үйден лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалу мүмкін және лифт этаждардың арасында қалу мүмкін.
4. Егер коридор және площадка өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.
5. Егер өрт коридорда болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзінді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.
7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі демалу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

ЕГЕР ӨРТ ҚАТТЫ ЖАНЫП ТҰРМАСА.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Өртті бір затпен (көрпе, пальтомен) үстінен жаба салыңыз. Содан кейін үстінен су күйыңыз.
2. Түтінмен демалмауға тырысыңыз. Мұрынды және ауызды ылғал шүберекпен орап қойыңыз.
3. Өрттен жанып тұрған заттарды алмаңыз, өйткені ол өрттің таралудың себепкері болады.
4. Өртті шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.

- Тест.** Өрт туралы не білдік?
- | | | | | |
|--------|-------------|----------|-------------|--------------|
| Әр | командаға | тест | сұрақтары | таратылады |
| 1. Өрт | бола қалған | жағдайда | қай номерге | хабарлаймыз? |
| • | | | | 03; |
| • | | | | 02; |
| • | | | | 01. |
2. Өрт сөндіргіштер келді, эвакуация жасады, енді кімге өрт туралы хабарлауыңыз керек?
- | | | | | |
|---|--|-------|--|----------|
| • | | | | милиция; |
| • | | жедел | | жәрдем; |
| • | | | | көрші. |
3. егер түн ішінде оянсаңыз бөлмеңізде түтін алып кетсе сіздің әрекетіңіз
- | | | | | |
|---|----------|---------|--------------|-----------|
| • | | көмекке | | шақыру; |
| • | төсектен | түсіп | есікке қарай | еңбектеу; |
| • | | тұрып | алып | жүгіру. |
4. егер өрттен шығу мүмкін емес болғандағы сіздің әрекетіңіз
- | | | | |
|---|--------------------------------------|------------------------------|-------------|
| • | бөлмеге кіріп түтін кіретін жерлерін | дымқыл шүберекпен бітеп қою, | көмек күту; |
| • | өрттен қалайда | шығуға әрекет | жасау; |
| • | | терезені | ашу; |
5. есіктің арғы жағында өрт болып жатса бер жағынан неге саңылауларын бітеуіміз керек?
- | | | | |
|---|----------------|---------------|-------|
| • | Өрттен болатын | шуды азайту | үшін; |
| • | Бөлмеге | түтін кірмеуі | үшін; |
| • | Бөлмеге | ыстық кірмеуі | үшін. |
6. өрт сөндіру машинасы жаныңыздан өтіп кетіп, таяу бір жерге тоқтаса сіздің әрекетіңіз
- | | | | |
|---|-----------------------|------------------|------------|
| • | Өрт сөндірушілердің | назарын өзіңізге | аударту. |
| • | Өртті өз күшімен | сөндіруге | тырысу. |
| • | Өрт сөндіру қызметіне | тағыда | хабарласу. |
7. жабық есіктің ар жағында өрт болып жатқанын қалай білуге болады?
- | | | |
|---|-------------|---------|
| • | Есікті ашып | қарау. |
| • | Көмекке | шақыру. |
- Есікті ұстап көру.

Мақал - мәтелдер жарысы

Командалар өрт туралы, сақтану туралы мақал – мәтелдер айтып жарысады.

1. Отпен ойнама, күйерсің.
2. Ойын түбі – от.
3. Отын деген шөп болар,
Жинай берсең көп болар.
4. От жақпа - пісерсің,
Ор қазба – түсерсің.
5. Сумен ойнама – батарсың,

- Отпен ойнама – күйерсің.
6. От пен су – тілсіз жау.
7. Өзі саққа құдай жақ.
8. Сақ жүрсең сау жүрерсің.
9. Сақтықты сұңқардан үйрен.
10. Жау жоқ деме – жар астында.
Бөрі жоқ деме – бөрік астында.

Кім жылдам?

Жағдай: Түтін толған бөлме, 2 командадан бір - бір баладан шығып,
Түтін толған бөлмеден қалай шығатындығын көрсетуі керек.
Үстел үстіндегі дымқыл шүберекпен аузы мұрнын жауып жүресінен отырып жүру керек
«Басқатырмақ»

Командалар осы сөздің ішінен су, түтін, от, балта, оттегі, өмір, эвакуация, есік, терезе,
бала, өрт сөндіру, сіріңке, күйік, газ, бригада, баспалдақ, дабыл, лифт сөздерін табулары
керек.

Қорытындылау. Ұстаздар, оқушылар бүгінгі сайысымыз аяқталды.
Екі топтың мүшелеріне көп-көп рахмет. Әділ қазыларға сөз береміз.
Бүгінгі сайыста топтарға жанкүйер болған көрермендерімізде бар. Сөз кезегін
жанкүйерлердің өрт туралы тақпақтарына береміз.

Су қауіпі

6. Су қауіпі, сұрақтар қою, рөлге түсіп көрсету

- Суда зиян шеккендерге алғашқы көмек
- Құтқарушылардың тәжірибесіне сүйенсек, бақытсыздыққа көбіне балалар, мастар мен қатар денсаулығы дұрыс және жүзуді жақсы білетіндер де ұшырайды.

Суға түскенде қандай жағдайларды жасамау керек рөлге түсіп көрсету)

- белгі қойылған жерден аспаңдар!
- рұқсат етілмеген жерде шомылмаңдар;
- балалар шомылғанда қараусыз қалдырмаңдар;
- шомылғанда камера, доп, тақталарды пайдаланбаңыздар;
- суда бұзықтық жасамаңдар;
- өтіп жатқан кеме, катер мен қайықтардан секірмеңіздер;
- таныс емес жерде шомылмаңдар.

14 жасқа дейінгі балаларға үлкендердің бақылаусыз жүзу құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Ыстық күн мен құмда «қыздырынып» болған соң салқын суға түсуге асықпаңыз.

Температураның тез ауытқуы қан тамырының қысқаруына, құлап қалуға әкеп соқтырады.

Егер бақытсыздық болған жағдайда есіңізде болсын! Зардап шеккен адамға тынысы тоқтағаннан кейін 6 минуттан кешікпей өмірге қайтаруға болады.

Зардап шегушінің басын бір жағына бұрып, аузын құмнан т.б. тазарту қажет, тыныс жолдары мен асқазанынан суды шығару қажет, осының барлығын 10 секунд ішінде істеу керек. Қан қысымының жиілігі мен тынысын анықтау қажет.

Жолда жүру ережелері

Автоинспектор: Балалар! Сендер бұл белгілерді біліп жүріңдер. Ал, енді қауіпсіздік ережелерін мына тұрған балалардың есіне салып көріңдер.

1. *Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.*
2. *Жолды жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.*
3. *Егер жолдан өтуге үлгірмесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да, бағдаршамның жасыл түсі жануын күт.*
3. *Жолдан өтерде солға қара, ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара.*
4. *Жолдан бағдаршамның тек жасыл түсі жанғанда ғана өт.*
5. *Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.*
6. *Келе жатқан машина алдынан жолды кесе жүгірме.*

8. Қортынды

Ақерке: Күнделікті өмірде адам баласын қоршаған қауіп-қатер аз емес. Соның ішінде біз бүгін жолда жүру ережелерімен, су және от қауіпсіздік ережелерін еске түсіріп, алдын алу жолдарымен таныстық.

Еркеназ: Айналайын абайла

Жан- жағыңа қарайла

Жолда жүру ережесін
Есте сақта қалайда

Міне, балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білеміз. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек өзімізді жол апатынан сақтаймыз. Ал енді осы ережелерді әрқашан орындап, аман болайық! Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды.Сау болыңдар.

9. Рефлексия

Ақерке: Қазір әрбір оқушының алдына қызыл, сары, жасыл тустер таратылады, сол арқылы сабақтың қалай өткенін көрсетесіңдер. Яғни, қызыл түс- жаман, сары түс- орташа , жасыл- өте жақсы.

Презентация тақырыбы: "Өрт қауіпсіздік ережелері"



Өрт қауіпсіздік ережелері



Описание презентации по отдельным слайдам:



Өрт қауіпсіздік ережелері

1 слайд

Өрт қауіпсіздік ережелері

Мақсаты:

1. Оттың адам өміріндегі пайдасын, маңызын, пайда болу жолдарын ұғындыру.
2. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы мағұлмат беру. Оқушыларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке оттық т.б қатерлі нәрселерден аулақ балуға тәрбиелеу.
3. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екенін ұғындыру.

2 слайд

Мақсаты: 1. Оттың адам өміріндегі пайдасын, маңызын, пайда болу жолдарын ұғындыру. 2. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы мағұлмат беру. Оқушыларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке оттық т.б қатерлі нәрселерден аулақ балуға тәрбиелеу. 3. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екенін ұғындыру.




Барысы:

1. Оттың шығу тар
2. Өрт-тілсіз жау.
3. Сақтықта қорлық
4. Жағдаяттық сұра
5. От туралы мақал мәтелдер.

3 слайд

Барысы: 1. Оттың шығу тарихы. 2. Өрт-тілсіз жау. 3. Сақтықта қорлық жоқ. 4. Жағдаяттық сұрақтар. 5. От туралы мақал-мәтелдер.

Оттың шығу тар



4 слайд

Оттың шығу тарихы.



5 слайд

Өрт-тілсіз



6 слайд

Өрт-тілсіз жау

Өрттің шығу себептері

1. Шырпымен ойнаса.
2. Шылымның тұқымын сөндірмей тастаса.
3. Үтікті қосып кетіп қалса.
4. Газды ашық қалдырып кетіп қалса.


7 слайд

Өрттің шығу себептері 1. Шырпымен ойнаса. 2. Шылымның тұқымын сөндірмей тастаса. 3. Үтікті қосып кетіп қалса. 4. Газды ашық қалдырып кетіп қалса

Сақтықта қорлық жоқ



ПОДГОТОВКА
ОГНЕТУШИТЕЛЯ К РАБОТЕ



СОРВИ ПЛОМБУ
И ВЫДЕРЖИ ЧЕКУ



НАПРАВЬ СОПЛО НА ОГОНЬ
И НАЖМИ НА РЫЧАГ

8 слайд

Сақтықта қорлық жоқ

Өрт сөндіру құралдары



9 слайд

Өрт сөндіру құралдары



Жағдаяттық сұра

1. Сен үйде жалғыз қалдың. Ата-анаң қонаққа кетті. Кенет электр тоғының пышырлып жана бастағанын байқадың. Не істер едің?
2. Екі досыңмен бірге демалыс күні бірігіп ойнап жүрсіңдер. Қарындарың ашып күлге картоп көміп жегілерің келді. сөйтіп сіріңке әкеліп аулаға от жаға бастадыңдар. Бір кезде жаққан оттарың желмен ұшып ауладағы үйілген шөпке тиіп, шөп жана бастады. Не істейсің?
3. Үйге анаң от жағып кетті. Жанып жатқан оттың есігі ашылып кетіп, ішінен жанған от түсіп кетті. Не істер едің?
4. Сен сабаққа келгенде сыныптасың оттық ұстап жүргенін көрдің. Мұндай жағдайда не істер едің?

11 слайд

Жағдаяттық сұрақтар 1. Сен үйде жалғыз қалдың. Ата-анаң қонаққа кетті. Кенет электр тоғының пышырлып жана бастағанын байқадың. Не істер едің? 2. Екі досыңмен бірге демалыс күні бірігіп ойнап жүрсіңдер. Қарындарың ашып күлге картоп көміп жегілерің келді. сөйтіп сіріңке әкеліп аулаға от жаға бастадыңдар. Бір кезде жаққан оттарың желмен ұшып ауладағы үйілген шөпке тиіп, шөп жана бастады. Не істейсің? 3. Үйге анаң от жағып кетті. Жанып жатқан оттың есігі ашылып кетіп, ішінен жанған от түсіп кетті. Не істер едің? 4. Сен сабаққа келгенде сыныптасың оттық ұстап жүргенін көрдің. Мұндай жағдайда не істер едің?




Өрт пен түтін айнала,
Қарпай тұрма жай ғана.
Тез хабар бер 01-ге,
Уақытты сен байлама.



13 слайд




14 слайд



Оттөменде
Өрт ымыра
Ол тілсіз жа
«Қызық көрем



16 слайд



От туралы мақал- мәтелдер, нақыл сөздер

17 слайд

От туралы мақал- мәтелдер, нақыл сөздер



18 слайд



19 слайд



20 слайд



21 слайд



Назарларыңыз
рахмет!

22 слайд

Назарларыңызға рахмет!



Дәрет алу тәртібі



1 *Айт*

Балақты түріп, екі қолды шынтаққа дейін сыбанып, «Ә'узу» мен «бисмиллаһты» айтып дәрет алуға іштей ниет етеді.



2 *Қолға аяу*

Қолды білекке дейін саусақтардың арасын және саусақтардағы сақина, жүзіктердің астына да су тигізіп жуу керек.



3 *Ауызды шайлау*

Оң қолмен үш рет су алып ауыз шайылады.



4 *Мұрынға шайлау*

Үш рет оң қолымен мұрынға су тартылып, сол қолымен сіңбіріледі.



5 *Басын жуу*

Маңдай мен қол басталған тұрғы астына дейін үш рет жуылады.



6 *Қолға аяу*

Оң қол шынтақпен қосыла үш рет жуылады. Осылай сол қол шынтақпен қосыла үш рет жуылады.



7 *Басын жуу*

Шынашақпен бірге үш саусақ ұшпа-ұш көлтіріліп, маңдайынан желкеге дейін осы үш саусақпен мәсіх етіледі.



8 *Ауызды шайлау*

Сұқ саусақпен құлақтың ішіне, бас бармақпен құлақтың сыртына мәсіх тартылады.

11 *Қолға аяу*
маңдай астына дейін жуу керек



9 *Ауызды шайлау*

Екі қолдың сыртымен мойынға мәсіх тартылады.



10 *Ауызды шайлау*

Оң аяқтан бастап аяқ арасың тобықтарға мәрте жуады. Сол аяқты да жуады және тобықтарды мұқият қадағалау керек.